# Үй тапсырмасын тексеру

1. Дискілерді қалай пішімдейді?

Мой компьютер→Форматировать →Быстрое →Начать

2. Объектіні сыртқы тасымалдаушыға көшірудің неше жолы бар?

3 жолы бар: копировать, отправить, тышқан көмегімен жылжыту арқылы

3. Объектіні корзинада қанша уақыт сақтауға болады?

Корзинадан оны жойғанша немесе қайта қалпына келтіргенше

4. Корзинадағы объектілерді көру үшін не істеу керек?



Корзина қапшығының белгішесінде екі рет шертіп, оны ашу керек

5.Корзинадағы оъбектіні қалай қалпына келтіреді?

Объектіні белгілеп Востановить командасын орындау арқылы

6.Корзинаны қалай тазалайды?

Корзинаны қапшығын белгілеп Очистить корзину командасын орындау арқылы

7. Дискілерді пішімдеудің неше әдісі бар?

Пішімдеудің екі әдісі бар: толық және тез

8. Файлдар корзинадан қандай мақсатпен жойылады?



Жаңа бағдарламалар мен құжаттарға орын босату үшін



## 10.12.2014ж



# PAINT



# графикалық редакторы



# Сабақтың мақсаты:

Оқушыларды Paint графикалық редакторымен, редактордың терезе элементтерімен таныстыру. Paint графикалық редакторында жұмыс істеу тәртібін үйрету

**Paint**-сурет салу бағдарламасы әр түрлі графикалық кескіндерді салуға, өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаның көмегімен қарапайым суреттен бастап, күрделі графикалық шығармаларға дейін жасауға болады.

**Paint** программасында өзіміз сурет салуымызға, Windows-тің басқа қолданбаларынан алмасу буферіне көшірілген дайын суреттерді мәтінге қоюға, сондай-ақ сканердің көмегімен алынған күрделі кескіндерді енгізуге болады.





***Іске қосу*** батырмасын шертіңдер



***Бас менюден Программалар (Программы)*** командасын таңдаңдар



Ашылған бағыныңқы менюден ***Стандартты*** командасын таңдаңдар



Келесі бағыныңқы менюден ***Paint графикалық редакторын*** таңдаңдар

**Бұдан былай осындай әрекеттер тізбегін мына түрде жазамыз:**

**Пуск=>Программы =>Стандартные => Paint**

**Командалар орындалғаннан кейін, экранға Paint графикалық редакторының терезесі шығады.**

# Paint редакторының терезесі



## 1.Құрал таңдап алу керек.

Paint  редакторында 16 құрал пайдалануға болады



Ерікті аймақты белгілеу



Белгілеу құралы



Өшіргіш/түрлі түсті өшіргіш



Құю (Заливка)



Түс таңдау



Масштаб



Қарындаш



Кисть



Бүріккіш



Жазу



Сызық



Қисық



Тік төртбұрыш



Көпбұрыш



Эллипс



Бұрыштары дөңгеленген тік төртбұрыш

**2.Сызықтың қалыңдығын, қылқаламның түрін немесе төртбұрыштың типін тағайындау.**



# 3.Кескінің түсін таңдау



# **4.Фонның түсін таңдау**





Сурет салуға қажетті қандай да бір құралды таңдау үшін, келесі әрекеттерді орындау керек :

1. Суретсалуға қажетті құралды таңдап, оған тышқанның нұсқағышын орнатып, оны шертіңдер.
2. Палитрадағы қажетті түстің төртбұрышына тышқан нұсқағышын орналастырып, сол жақ батырмасын шертіңдер.
3. Нұсқағышты сурет салатын орынға жылжытып апарыңдар.
4. Тышқан батырмасын басып тұрып нұсқағышты қажетті бағытта тасымалдаңдар.
5. Суретті салып болғаннан соң, тышқанның батырмасын жіберіңдер.





# Практикалық жұмыс

# Paint редакторының терезесі



Бірінші рет сақтау: **Файл => Сохранить как**

Қайталап сақтау: **Файл => Сохранить**

**1. §**22 оқу, 117-120 бет.
2. Paint графикалық редакторының құралдарының қайсысы қандай міндет атқаратынын жатқа айту.
3. “Қыс” тақырыбына композиция ойластырып келу

Сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!!!





Тыңдағандарыңызға рахмет!